

6D011100-Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Курманғалиева Нургуль Айтбаевнаның «Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

Қазіргі таңда жоғары оқу орындары қызметінің сапасы мен тиімділігін арттыру саласындағы өзекті рөлдерінің бірі - ғылым мен техника дамыған сайын әлемде пайда болатын жаңа тәсілдерді, технологиялар мен құралдарды іздеп, қолдануға баса назар аудару қажеттігі. Осыған байланысты университеттер жаһандық цифрландыру мен ақпараттандыру үдерістерінен, әсіресе, соңғы жылдары төртінші өнеркәсіптік революцияға қатысты технологиялар мен құралдардың жаңа түрлерін қолдануға байланысты өзекті болып отырған үдерістерден тыс қала алмайды. Мұндай технологиялар техникалық құралдарға адамның араласуынсыз бір-бірімен әрекеттесуіне мүмкіндік бере отырып, білім беру қызметінің әр түрлерін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау арқылы цифрлық педагогикалық университет қалыптастыруға негіз болуы зерттеу жұмысының өзектілігін анықтайды.

Цифрлық трансформация жолында университеттер бірқатар мақсаттарды көздеуі тиіс. Олар білім беру сапасын арттыру және оқытудың барлық нысандарындағы студенттерді ынталандыру үшін заманауи технологияларды пайдалану, білім беру технологияларын енгізу есебінен білім беру қызметтерінің экономикалық тиімділігін арттыру, білім алушыларға жеке білім беру траекторияларын құру үшін мүмкіндіктер беру, онлайн-курстарды пайдалана отырып, желілік білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде жоғары оқу орындарымен өзара байланыс аясын кеңейту.

Нургуль Айтбаевна теориялық және практикалық педагогикалық зерттеулерді талдау арқылы төртінші өнеркәсіптік революция технологияларының пайда болуын ескере отырып, педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру қызметін кешенді цифрландыру қажеттігін анықтады және ақпараттық технологияларды интеграциялау жағдайында педагогтарды даярлау тиімділігін эксперименттік тұрғыдан негіздеуді дәлелдеп, келесі міндеттердің шешімін ұсынды:

– білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау;

– білім беру қызметінің түрлерін ақпараттандыру технологиясын интеграциялауға негізделген цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру моделін құру;

– цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының компоненттерін интеграциялау үшін тиімді

заманауи технологияларды іріктеу;

– білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру моделінің тиімділігін эксперименттен өткізу.

Докторант Курманғалиева Нургуль Айтбаевнаның 6D011100– Информатика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын толық аяқталған, қойылатын талаптарға сай орындалған жұмыс деп есептеп, көпшілік алдында қорғауға ұсынуға болады.

**Ғылыми кеңесші,
ЮНЕСКО-ның қолдауымен Орталық
Азия аймақтық гляциологиялық
орталығының директоры,
педагогика ғылымдарының докторы**



Т.О. Балыкбаев